

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Дербес деректерді өңдеуге қатысты саясат

Жалпы қағидалар

Осы Дербес деректерді өңдеу саясаты Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының талаптарына сәйкес жасалған және ЖК Base (бұдан әрі – Оператор) қабылдаған дербес деректерді өңдеу тәртібін және дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды.

- 1.1. Оператор дербес деректерді өңдеу кезінде адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, оның ішінде жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия құқықтарын қорғауды өз қызметін жүзеге асырудың маңызды мақсаты мен шарты ретінде белгілейді.
- 1.2. Дербес деректерді өңдеуге қатысты Оператордың осы саясаты (бұдан әрі - Саясат) Оператордың <https://tedxalmaty.kz/> веб-сайтын пайдаланушылар туралы ала алатын барлық ақпаратына қолданылады.

2. Саясатта қолданылатын негізгі ұғымдар

- 2.1. Дербес деректерді автоматтандырылған түрде өңдеу - дербес деректерді есептеу техника құралдарын пайдалана отырып өңдеуді білдіреді.
- 2.2. Дербес деректерді бұғаттау - дербес деректерді өңдеуді уақытша тоқтата тұруды (дербес деректерді нақтылау үшін өңдеу қажет болған жағдайларды қоспағанда) білдіреді.
- 2.3. Веб-сайт — графикалық және ақпараттық материалдар, сондай-ақ <https://tedxalmaty.kz/> желілік мекен-жай бойынша интернет желісінде олардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар мен дерекқорлар жиынтығы.
- 2.4. Дербес деректердің ақпараттық жүйесі - деректер базасындағы дербес деректер және олардың өңделуін қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдардағы жиынтығы.
- 2.5. Дербес деректерді иесіздендіру - қосымша ақпаратты пайдаланбай дербес деректердің белгілі бір Пайдаланушыға немесе дербес

деректердің басқа субъектісіне жататынын анықтауға мүмкіндік бермейтін әрекеттерді білдіреді.

- 2.6. Дербес деректерді өңдеу - дербес деректерді жинауды, жазып алуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), өндіруді, пайдалануды, беруді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді), иесіздендіруді, бұғаттауды, өшіріп тастауды, жоюды қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе қолданбай дербес деректерге қатысты жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы.
- 2.7. Оператор — дербес немесе өзге тұлғалармен бірлесіп дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыратын және/немесе жүзеге асыратын, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу мақсаттарын, өңдеуге жататын дербес деректердің құрамын, дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттерді (операцияларды) анықтайтын мемлекеттік орган, муниципалды орган, заңды тұлға немесе жеке тұлға.
- 2.8. Дербес деректер - <https://tedxalmaty.kz/> веб-сайтының белгілі бір немесе сәйкестендірілетін Пайдаланушысына тікелей немесе жанама түрде қатысы бар кез келген ақпарат.
- 2.9. Дербес деректер субъектісі тарапынан таратуға рұқсат етілген дербес деректер - дербес деректер субъектісі дербес деректерді өңдеуге келісім беру жолымен ұсынған, Дербес деректер туралы заңда қарастырылған тәртіппен тарату үшін рұқсат берген дербес деректерді, оған саны шектелмеген тұлғалардың қол жеткізуіне болатын дербес деректерді білдіреді (бұдан әрі – таратуға рұқсат етілген дербес деректер).
- 2.10. Пайдаланушы - <https://tedxalmaty.kz/> веб-сайтына кіретін кез келген қолданушы.
- 2.11. Дербес деректерді ұсыну - белгілі бір тұлғаға немесе белгілі бір тұлғалар тобына дербес деректерді ашуға бағытталған іс-әрекеттерді білдіреді.
- 2.12. Дербес деректерді тарату - дербес деректерді тұлғалардың белгісіз санына ашуға (дербес деректерді беру) немесе тұлғалардың шексіз санына дербес деректермен танысуға, оның ішінде дербес деректерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға, ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде орналастыру немесе дербес

деректерге кез келген басқа тәсілмен қол жеткізуді ұсыуға бағытталған кез келген іс-әрекетер.

2.13. Дербес деректерді трансшекаралық беру - дербес деректерді шет мемлекеттің аумағына, шет мемлекеттің билік органына, шетелдік жеке тұлғаға немесе шетелдік заңды тұлғаға беру.

2.14. Дербес деректерді жою – дербес деректердің ақпараттық жүйесіндегі және/немесе дербес деректердің материалдық тасымалдаушылардағы дербес деректердің мазмұнын ілгеріде қалпына келтіруге мүмкін болмайтын, нәтижеде дербес деректер қайтарымсыз етіп жойылатын кез келген іс-әрекеттер.

3. Оператордың негізгі құқықтары және міндеттері

3.1. Оператор құқылы:

- дербес деректер субъектісінен дұрыс ақпарат және/немесе дербес деректерді қамтитын құжаттарды алуға;
- дербес деректерді өңдеуге берген келісімді қайтарып алған, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуді тоқтатуды талап ететін өтінімді жіберген жағдайда, Оператор Дербес деректер туралы заңда көрсетілген негіздер болатын болса дербес деректер субъектісінің келісімінсіз дербес деректерді өңдеуді жалғастыруға құқылы;
- Дербес деректер туралы заңда немесе өзге де заңдарда өзгеше көзделмесе, Дербес деректер туралы заңда және оған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерде көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті және жеткілікті шаралардың құрамын және тізбесін өзбетімен анықтауға.

3.2. Оператор міндетті:

- дербес деректер субъектісіне оның өтініші бойынша дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпаратты ұсынуға;
- дербес деректерді өңдеуді ҚР-ның қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес ұйымдастыруға;
- дербес деректер субъектілерінің және олардың заңды өкілдерінің өтінімдері мен сауалдарына Дербес деректер туралы заңның талаптарына сәйкес жауап беруге;

- дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органды, осы органның сұрау салуы бойынша, осындай сұрау салуды алған күннен бастап 10 күн ішінде қажетті ақпаратты хабарлауға;
- Саясатты жариялауға немесе дербес деректерді өңдеу үшін осы Саясатқа шектеусіз қол жеткізуді өзге тәсілмен қамтамасыз етуге;
- дербес деректерді рұқсатсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, оларды жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдануға;
- Дербес деректер туралы заңда көзделген тәртіппен және жағдайларда дербес деректерді беруді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді) тоқтатуға, дербес деректерді өңдеуді тоқтатуға және жоюға;
- Дербес деректер туралы заңда көзделген басқа да міндеттерді орындауға.

4. Дербес деректер субъектілерінің негізгі құқықтары және міндеттері

4.1. Дербес деректер субъектілері құқылы:

- заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, оның дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпаратты алуға. Оператор мәліметтерді дербес деректер субъектісіне қол жетімді түрде ұсынады және мұндай дербес деректерді ашу үшін заңды негіздер болған жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің басқа субъектілеріне қатысты дербес деректер болмауы тиіс. Ақпарат тізбесі және оны алу тәртібі Дербес деректер туралы заңда белгіленген;
- оператордан жеке деректерді нақтылауды, егер дербес деректер толық емес, ескірген, дұрыс емес, заңсыз алынған болса немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болмаса, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап етуге, сондай-ақ өз құқықтарын қорғау үшін заңда көзделген шараларды қолдануға;
- нарықта тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілету мақсатында дербес деректерді өңдеу кезінде келісім шартты алдын ала ұсынуға;
- дербес деректерді өңдеуге берген келісімді қайтарып алуға, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуді тоқтату туралы талапты жіберуге;

- Оператордың дербес деректерін өңдеу кезіндегі заңсыз іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қарсы дербес деректер субъектілерінің құқықтарын
- қорғау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасауға немесе сотқа жүгінуге;
- ҚР-ның заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2 . Дербес деректер субъектілері міндетті:

- Операторға өзі туралы дұрыс деректер беруге;
- Операторға өзінің дербес деректерін нақтылауға (жаңарту, өзгерту).

4.3. Операторға өзі туралы дәйексіз мәліметтер немесе дербес деректердің басқа субъектісі туралы мәліметтерді, соңғысының келісімінсіз ұсыну ҚР-ның заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

5. Дербес деректерді өңдеу принциптері

5.1. Дербес деректерді өңдеу құқықтық және әділ негізде жүзеге асырылады.

5.2. Дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектеледі. Дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді.

5.3. Өңдеу бір-бірімен үйлеспейтін мақсаттарда жүзеге асырылатын дербес деректерді қамтитын дербес деректер базаларын біріктіруге жол берілмейді.

5.4. Оларды өңдеу мақсаттарына сай келетін дербес деректер ғана өңдеуге жатады.

5.5. Өңделетін дербес деректердің мазмұны мен көлемі өңдеудің мәлімделген мақсаттарына сәйкес келеді. Өңделетін дербес деректердің, оларды өңдеудің мәлімделген мақсаттарына қатысты және одан артық болуына жол берілмейді.

5.6. Дербес деректерді өңдеу кезінде дербес деректердің дәлдігі, олардың жеткіліктілігі, сондай-ақ қажет болған жағдайда дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты өзектілік те қамтамасыз етіледі. Оператор толық емес немесе дұрыс емес деректерді жою немесе түзету

үшін қажетті шараларды қолданады және/немесе қолдануды қамтамасыз етеді.

5.7. Дербес деректерді сақтау дербес деректер субъектісін анықтауға мүмкін болатындай етіп мерзім ішінде жүзеге асырылады, оларды сақтау мерзімі заңмен, дербес деректерді сақтау субъектісі тарап ретінде пайда көруші немесе кепілгер болып табылатын шартпен белгіленбеген болса, дербес деректерді өңдеу мақсаттары үшін қажет болатын мерзімнен артық сақталмайды. Өңделетін дербес деректер, егер заңда өзгеше көзделмесе, өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін немесе осы мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігі жоғалған жағдайда жойылады немесе иесіздендіріледі.

6. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары

Өңдеу мақсаты	электрондық хат жіберу арқылы Пайдаланушыны хабардар ету
Дербес деректер	Тегі, аты, әкесінің аты электрондық мекенжайы телефон нөмерлері туған жылы, айы, күні және жері
Құқықтық негіздер	Оператор Пайдаланушының дербес деректерін, пайдаланушы http://tedxalmaty.kz веб-сайтында орналасқан арнайы нысандарды өзі толтырған және/немесе жіберген жағдайда ғана өңдейді. Пайдаланушы тиісті нысандарды толтыра отырып және/немесе өзінің дербес деректерін Операторға жібере отырып, осы Саясатқа келісімін білдіреді. Оператор Пайдаланушы туралы иесіздендірілген деректерді Пайдаланушы браузерінің баптамаларында рұқсат етілген жағдайда (cookie файлдарын сақтау және

	JavaScript технологиясын қолдану қосылған) өңдейді.
Дербес деректерді өңдеу түрлері	Дербес деректерді жинау, жазып алу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, жою және иесіздердіру. Ақпараттық хаттарды электрондық пошта мекенжайына жіберу.

7. Дербес деректерді өңдеу шарттары

7.1. Дербес деректерді өңдеу дербес деректер субъектісінің өз дербес деректерін өңдеуге берген келісімімен жүзеге асырылады.

7.2. Дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының халықаралық шартында немесе заңында көзделген мақсаттарға қол жеткізу, операторға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды, өкілеттіктер мен міндеттемелерді орындау үшін қажет.

7.3. Дербес деректерді өңдеу сот төрелігін жүзеге асыру, сот актісін, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес орындалуға жататын басқа органның немесе лауазымды адамның актісін орындау үшін қажет.

7.4. Дербес деректерді өңдеу дербес деректер субъектісі тарап ретінде пайда көруші немесе кепілгер болып табылатын шартты орындау үшін, сондай-ақ дербес деректер субъектісінің бастамасы бойынша шартты жасасу немесе дербес деректер субъектісі тарап ретінде пайда көруші немесе кепілгер болып табылатын шартты жасасу үшін қажет.

7.5. Дербес деректерді өңдеу оператордың немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру немесе дербес деректер

субъектісінің құқықтары мен бостандықтары бұзылмаған жағдайда қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет.

7.6. Дербес деректер субъектісі қол жеткізуге рұқсат берген немесе оның өтініші бойынша саны шектелмеген тұлғалардың дербес деректері өңделеді (бұдан әрі - жалпыға қолжетімді дербес деректер).

7.7. Жариялауға немесе заңға сәйкес міндетті түрде ашылуға жататын дербес деректер өңделеді.

8. Дербес деректерді жинау, сақтау, жіберу және өңдеудің басқа да түрлерін жүзеге асыру тәртібі

Оператор өңдейтін дербес деректердің қауіпсіздігін, дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарын толық орындау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды орындау жолымен қамтамасыз етеді.

8.1. Оператор дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді және уәкілеті жоқ тұлғалардың дербес деректерге қол жеткізуін болдырмау үшін барлық мүмкін шараларды қолданады.

8.2. Пайдаланушының дербес деректері, қолданыстағы заңнаманы іске асыруға байланысты жағдайларды қоспағанда немесе дербес деректер субъектісі Операторға азаматтық-құқықтық шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін деректерді үшінші тұлғаға беруге келісім берген жағдайларды қоспағанда, ешқашан, ешбір жағдайда үшінші тұлғаларға берілмейді.

8.3. Дербес деректерде дәлсіздіктер болған жағдайда Пайдаланушы Оператордың hello@tedxalmaty.kz электрондық мекенжайына «Дербес деректерді өзектендіру» белгісін қойып, хабарламаны жіберу арқылы оларды өз бетінше өзектендіре алады.

8.4. Дербес деректерді өңдеу мерзімі, егер шартта немесе қолданыстағы заңнамада өзгеше мерзім көзделмесе, дербес деректер жиналған мақсаттарға қол жеткізумен айқындалады.

Пайдаланушы дербес деректерді өңдеуге берген өзінің келісімін, «Дербес деректерді өңдеуге келісім беруден бас тарту» деген белгіні қойып, Операторға hello@tedxalmaty.kz электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта кері қайтарып ала алады.

8.5. Төлем жүйелерін, байланыс құралдарын және өзге де қызмет көрсетушілерді қоса алғанда, тараптық сервистер жинаған барлық

ақпарат осы тұлғалар (Операторлар) Пайдаланушылық келісімі мен құпиялылық саясатына сәйкес сақталады және өңделеді. Дербес деректер субъектісі және/немесе көрсетілген құжаттармен бірге. Оператор үшінші тұлғалардың, оның ішінде осы тармақта көрсетілген қызмет көрсетушілердің іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

8.6. Дербес деректер субъектісі дербес деректерді жіберу бойынша (қол жеткізуге берілген рұқсаттарды қоспағанда), сондай-ақ таратуға рұқсат етілген дербес деректерді өңдеу немесе өңдеу шарттары (қол жеткізуді қоспағанда) бойынша қойған тыйым салулар, дербес деректерді ҚР-ның заңнамасында айқындалатын мемлекеттік, қоғамдық және өзге де қоғамдық мүдделерде өңдеген жағдайларда қолданылмайды.

8.7. Дербес деректерді өңдеу кезінде Оператор дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

8.8. Дербес деректерді сақтау дербес деректер субъектісін анықтауға мүмкін болатындай етіп мерзім ішінде жүзеге асырылады, оларды сақтау мерзімі заңмен, дербес деректерді сақтау субъектісі тарап ретінде пайда көруші немесе кепілгер болып табылатын шартпен белгіленбеген болса, дербес деректерді өңдеу мақсаттары үшін қажет болатын мерзімнен артық сақталмайды.

8.9. Дербес деректерді өңдеуді тоқтатудың шарты дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізу, дербес деректер субъектісінің өңдеу үшін берген келісімінің қолданылу мерзімінің өтуі, дербес деректер субъектісінің келісімін қайтарып алуы немесе дербес деректерді өңдеуді тоқтату туралы талабы, сондай-ақ дербес деректерді заңсыз өңдеуді анықтауы болуы мүмкін.

9. Оператор алынған дербес деректермен орындайтын іс-әрекеттер тізбесі

9.1. Оператор дербес деректерді жинауды, жазып алуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуларды, өзгерістерді), өндіруді, пайдалануды, жіберуді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді), иесіздендіруді, бұғаттауды, өшіріп тастауды, жоюды жүзеге асырады,

9.2. Оператор дербес деректерді ақпараттық-телекоммуникациялық желілер арқылы алынған ақпаратты алу және/немесе жіберу арқылы немесе онсыз автоматтандырылған түрдегі өңдеуді жүзеге асырады.

10. Дербес деректерді трансшекаралық жіберу

10.1. Оператор дербес деректерді трансшекаралық жіберу бойынша іс-шараларды бастамадан бұрын, дербес деректерді трансшекаралық жіберуді жүзеге асыру ниеті туралы дербес деректерді қорғау жөніндегі уәкілетті органды хабардар етуге міндетті (мұндай хабарлама дербес деректерді өңдеу ниеті туралы хабарламадан бөлек жіберілуге тиіс).

10.2. Оператор жоғарыда аталған хабарламаны ұсынғанға дейін дербес деректерді трансшекаралық жіберілуі жоспарланып отырған шет мемлекеттің органдарынан, шетелдік жеке тұлғалардан, шетелдік заңды тұлғалардан тиісті мәліметтерді алуға міндетті.

11. Дербес деректердің құпиялылығы

11.1. Оператор және дербес деректерге рұқсаты бар өзге де тұлғалар, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, дербес деректер субъектісінің келісімінсіз дербес деректерді үшінші тұлғаларға ашпауға және таратпауға міндетті.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Пайдаланушы hello@tedxalmaty.kz электрондық поштаны пайдалана отырып, Операторға хабарласу арқылы өзінің дербес деректерін өңдеуге қатысты қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша кез келген түсініктеме ала алады.

12.2. Оператордың дербес деректерді өңдеу саясатындағы кез келген өзгерістері осы құжатта көрсетілетін болады. Саясат, саясаттың жаңа нұсқасы шығып, ауыстырылғанға дейін мерзімсіз қолданыста болады.

12.3. Саясаттың өзекті (қазіргі) нұсқасы Интернет желісінде <https://tedxalmaty.kz/privacy/> мекенжайы бойынша еркін қолжетімді.